Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықта, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының нақты белгілері орын алады. Яғни кінәлі алдына қойған қылмыстық мақсатқа толығымен жетеді. Осы 3 сатыны бөліп қарастырғанда, әрбір қылмыстық әрекет осы сатылардан кезек бойынша өту қажет деген сөз емес. Мәселен кейбір жағдайларда қылмыскер бірінші сатыдан өтпей, яғни қылмысқа дайындалмай, бірден қылмысқа оқталуы мүмкін. Ал қылмыстық әрекет барлық сатыларды өткеннің өзінде, қылмыстық құқық маңызға соңғы саты ие болады. Яғни соңғы саты алдыңғы сатыны сіңіреді. Мәселен, кінәлі кісі өлтіруге дайындалды (мылтық сатып алды), одан қылмыс істейтін жерге келіп, жәбірленушіге оқталып, енді ата бергенде полиция қызметкерлерімен ұсталатын болса, қылмыскерді бірден кісі өлтіруге оқталу үшін жазалайды.

Қылмыстық іс-әрекеттің бастапқы сатысына тән белгілер:

1. Қылмыстық іс-әрекеттің аяғына дейін жеткізілмеуі.

2. Қылмыстық іс-әрекеттің кінәлінің еркінен тыс жағдайларға байланысты аяғына дейін жеткізілмеуі.

3. Екі сатыдағы іс-әрекеттерде тікелей қасақаналықпен істеледі.

4. Қылмысқа дайындық және оқталу абайсызда істелетін қылмыстарда және жанама қасақаналықпен істелетін қылмыстарда орын алмайды.

Дайындық әрекеттері (әрекетсіздік) жалпы тәртіп бойынша материалдық құрамдағы қылмыстарда орын алады. Ал формальды қылмыс құрамдарына қатысты, егерде қылмыс нысаны әрекет арқылы жасалса және олар ауыр немесе ерекше ауыр қылмыс санаттарына жатықзылса, онда осы санаттағы формальды қылмыстарда дайындық әрекеттері болады. Әрекетсіздік арқылы жасалатын формальды қылмыс құрамдарында теориялық жағынан алғанда, дайындық әрекеттері болуы мүмкін, бірақ ол практикада кездеспейді.

Оқталу тек қана материалдық қылмыс құрамдарында болады. Бірақ сот-тергеу тәжірибесі бірлі-жарым, әрекет арқылы жасалатын формальды қылмыс құрамдарында оқталу әрекеті болу мүмкіндігін көрсетеді, егерде объективтік жаққа кіретін формальды қылмыс құрамының бастапқы әрекеті мен соңғы әрекетінің арасындағы уақыт ұзақтығы орын алса деп көрсетіледі. Мысалы: Пара беру. Лауазымды адаммен келісіп пара беруші ірі мөлшердегі ақша соммасын пошта арқылы жіберсе. Ақша берген уақыттан бастап, оны лауазымды адаммен алған уақыт аралығы пара беруге оқталу ретінде сараланады.

Сонымен қатар, біздің ойымызша жаңа Қылмыстық кодекстің аяқталмаған қылмысқа қатысты кейбір ережелерінің кемшіліктері бар. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 56-бабы аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындауға арналған. Бұл бапта заң шығарушы, қылмыстық құқық теориясына мәлім "аяқталмаған қылмыс" санатын қолданады. Бірақ Қылмыстық кодекстің жалпы бөлімінің бірде бір нормасында аяқталмаған қылмыс ұғымын ашатын арнайы норма жоқ. Осыған байланысты "аяқталмаған қылмыс" және "қылмысқа дайындалу және қылмыс жасауға оқталу" ұғымдарының теңдігі туралы мәселе туындайды. Аталған ұғымдардың мазмұнында айырмашылық бар ма? Егер де ҚРҚК-ң 56-бабы "қылмысқа дайындалу және қылмыс жасауға оқталу үшін жаза тағайындау" деп аталған болса, ешқандай түсініспеушілік болмаған еді. Өйткені Қылмыстық кодексте аталған ұғымдардың анықтамасы берілген. Сонымен қатар, логикалық жағынан алып қарағанда, заң шығарушы "аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық" ұғымының мазмұнын ҚРҚК-ң 25-бабы бергеннен кейін, "аяқталмаған қылмыс" ұғымының мазмұнын да талдау қажет еді.

Біздің ойымызша Ресей заңдылығының ұстанған бағыты дұрыс сияқты. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 29-бабы "Аяқталған және аяқталмаған қылмыстар" деген атаумен төмендегіні бекітеді:"1. Егер адам жасаған іс-әрекетте осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері болса, қылмыс аяқталған деп танылады.

2. Қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталу аяқталмаған қылмыс деп танылады.

3. Аяқталмаған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің аяқталған қылмысқа арналған бабы бойынша, осы Кодекстегі 30-бапқа сілтеме жасай отырып басталады".

Осыған байланысты Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексін мысалға ала отырып ҚРҚК 24-бабын "Аяқталмаған қылмыстар" деп белгілеу дұрыс болар еді деген тұжырым жасағымыз келеді. Өз кезегінде "қылмысқа дайындалу және қылмысқа

оқталудың" мазмұнын ҚРҚК 25-бабында көрсету логикалық жағынан дұрыс және негізді деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрон. ресурс]. - 2019. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгіну уақыты 12.03.2021).
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы /А.Н.Ағыбаев. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 282 б.
3. Дурманов Н.Д. Стадии развития преступления по советскому уголовному праву / Н.Д. Дурманов. - М.: Госюриздат, 1955. - 210 с
4. Алматыда қала құрылысын бақылау басқармасының экс-шенеунігі алаяқтық жасауға оқталғаны үшін сотталды // <https://kaztag.kz/kz/news/almatyda-ala-rylysyn-baylau-bas-armasyny-eks-sheneunigi-alaya-ty-zhasau-a-o-tal-any-shin-sottaldy> (жүгіну уақыты 12.03.2021).
5. БҚО: Адам өлтіруге оқталғаны үшін 15 жылға сотталды// <https://www.inform.kz/kz/bko-adam-oltiruge-oktalgany-ushin-15-zhylga> (жүгіну уақыты 12.03.2021).

#### УДК 343.2

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨПТІГІ МЕН СЕБЕПТІ БАЙЛАНЫСТЫҢ АРА ҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Айзат Бағланұлы, Г.А.Қуаналиева*

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 1-курс магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, e-mail: aizat\_vip@bk.ru*

*Ғылыми жетекші: Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының  
профессоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru*

**Аннотация.** Мақалада қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі, оның түсінігі мен нысандары жан-жақты талқыланады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігімен себепті байланыстың ара қатынасы зерттеледі. Себепті байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде анықтау мәселесіне талдау жасалған. Авторлар, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде себепті байланысты анықтаудың жаңа түрлерін ұсынып отыр. Қылмыстық құқық әдебиеттерінде дәстүрлі түрде себепті байланыс тек қана материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарында ғана орын алатыны пайымдалады. Сонымен қатар себепті байланысты анықтау жеке қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарында ғана анықталады. Себепті байланысты қылмыстық құқықтың өзге институттарында анықтау мәселесін зерттеу жоқтың қасы.

Сондықтан да себепті байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі институтында анықтау мәселесі, қылмыстық құқық теориясындағы жаңа қадам болып табылады. Авторлар өз тарапынан аталған мәселеге қатысты өзінің көзқарастарын білдіріп кеткен.

Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімінің негізгі институттарының бірі - қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деп аталады. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін анықтаған кезде, себепті байланыстың ерекше маңызы бар. Бұл ерекшелік себепті байланыстың міндеттілігінен айқын көрінеді. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін дұрыс анықтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі мен себепті байланыс институттарының ара қатынасын зерттеу қылмыстық заңнаманы жетілдіруге әсер етеді.

**Түйін сөздер:** қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі, қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы, қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы, себепті байланыс.

### **ПРОБЛЕМЫ СООТНОШЕНИЯ МНОЖЕСТВЕННОСТИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ И ПРИЧИННОЙ СВЯЗИ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются понятие и формы множественности уголовных правонарушений. Изучается взаимосвязь множественности уголовных правонарушений и причинной связи. Анализируются проблемы установления причинной связи во множественных уголовных правонарушениях. Авторами предлагаются новые виды причинной связи при определениях множественных уголовных правонарушениях. В литературе уголовного права традиционно утверждается, что причинная связь имеет место только в составах материальных уголовных правонарушений. При этом установление причинно-следственной связи выявляется только в составах отдельных уголовных правонарушений. Исследование проблемы выявления причинной связи в иных институтах уголовного права почти отсутствует.

Поэтому проблема выявления причинно-следственных связей в институте множественности уголовных правонарушений является новым шагом в теории уголовного права. Авторы излагают свои взгляды по этому вопросу.

Одним из основных институтов общей части уголовного права является множественность уголовных правонарушений. Особое значение в уголовном праве имеет причинная связь при исследовании множественности уголовных правонарушений. Эта особенность проявляется в обязательности причинной связи. Правильное определение множественности уголовных правонарушений в уголовном праве, а также изучение соотношения множественности уголовных правонарушений и причинной связи несомненно повлияет на совершенствование уголовного законодательства.

**Ключевые слова:** уголовное правонарушение, множественность уголовных правонарушений, неоднократность уголовных правонарушений, совокупность уголовных правонарушений, рецидив преступлений, опасный рецидив преступлений, причинная связь.

---

**PROBLEMS OF THE RATIO OF THE MULTIPLICITY OF CRIMINAL OFFENSES AND CAUSALITY**

---

**Annotation.** The article deals with the concept and forms of multiple criminal offenses. The relationship between the multiplicity of criminal offenses and the causal relationship is studied. The problems of establishing a causal relationship in multiple criminal offenses are analyzed. The authors propose new types of causal relationships in the definitions of multiple criminal offenses. In the literature of criminal law, it is traditionally stated that the causal relationship takes place only in the composition of material criminal offenses. At the same time, the establishment of a causal relationship is revealed only in the composition of individual criminal offenses. The study of the problem of identifying causal relationships in other institutions of criminal law is almost absent.

Therefore, the problem of identifying causal relationships in the institute of multiple criminal offenses is a new step in the theory of criminal law. The authors present their views on this issue.

One of the main institutions of the general part of criminal law is the multiplicity of criminal offenses. Of particular importance in criminal law is the causal relationship in the study of the multiplicity of criminal offenses. This feature is manifested in the mandatory causal relationship. The correct definition of the multiplicity of criminal offenses in criminal law, as well as the study of the ratio of the multiplicity of criminal offenses and the causal relationship will undoubtedly affect the improvement of criminal legislation.

**Keywords:** criminal offense, plurality of criminal offenses, not momentariness of criminal offenses, set of criminal offenses, recurrence of crimes, dangerous recurrence of crimes, causal relationship.

Қылмыстық құқықтағы себепті байланыс мәселесі заң әдебиттерінде аз зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады. Ал себепті байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі институтында анықтау мәселесіне қатысты зерттелген еңбектер өте аз. Себепті байланыс мәселесі өте өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

"2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енген біздің республикамыздың жаңа Қылмыстық кодексі ұлттық қылмыстық заңнаманы қазіргі заманауи талаптарға сәйкестендіру мақсатында талқыланып қабылданды және жеткілікті негізде мемлекетпен жүктелген негізгі реттеуші және қорғаушы функцияларды атқарып келеді. Сонымен қатар, әрекет етуші қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында Қылмыстық кодекстің Жалпы және Ерекше бөлімдерінің жекелеген ережелеріне ынта қоя отырып, оның жеке институттары мен нормаларын қайта қарастыру әділетті болар еді" [1, 119 б.].

Қылмыстық құқықта бір адамның жасаған жеке қылмыстық құқық бұзушылығында себепті байланысты анықтау және бір адаммен жасалатын бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтардағы себепті байланысты анықтау қылмыстық құқық бұзушылықтарды біріншіден – жеке, екіншіден – көптік деп ажыратуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл ажырату қылмыстық жауаптылық, жаза тағайындау мәселесін шешуге бірден-бір негіз болып табылады.

Жеке және көптік қылмыстық құқық бұзушылықтарда себепті байланыс қандай ретпен орын алады? Екі жағдайдағы себепті байланысты қалай анықтау қажет? Осы сұрақтарға жауап бермес үшін, жеке және көптік қылмыстық құқық бұзушылықтардың айырмашылығын білу қажет. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстық

құқық бұзушылықтардың көптігін ажыратудың тергеу және сот қызметінде елеулі маңызы бар. Кейбір жағдайларда оны ажырату белгілі бір тұрғыда қиындық та туғызады. Айтылған қиындықтың орын алуы заңды нәрсе, өйткені кейбір жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мазмұны жағынан күрделі болып, бірнеше іс-әрекеттен құралғандықтан көптік қылмыстық құқық бұзушылықтарға ұқсас болып келеді.

Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар деп, қылмыстық заңда көрсетілген бір қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар қоғамға қауіпті іс-әрекетті айтамыз. "Жеке қылмыстық құқық бұзушылық деп қылмыстық заңда көрсетілген бір әрекеттен, зардаптан, кінәнің нысанынан құралатын бір құрамды білдіретін және Ерекше бөлімнің бір бабымен ғана сараланған қылмыстық құқық бұзушылықты айтамыз" [2, 165 б.]. Қылмыстық заңда көрсетілген бірнеше іс-әрекеттерді жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің орын алғанын білдірмейді. "Қылмыстар көптігін жекелеген қылмыстан, яғни қылмыстың бір құрамының белгілері бар іс-әрекеттен ажыратқан жөн. Егер қылмыс жай құрамның белгілері бар қылмыстық әрекеттің бір актісімен сипатталса онда олардың арасын ажырату қиындық тудырмайды. Бірақ сот практикасында жекелеген қылмыс сырттай қылмыстар көптігіне ұқсас болатын кездер жиі кездеседі" [3, 251 б.]. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін ажырату үшін келесі белгілерді ескеру қажет.

Біріншіден, жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық объективтік және субъективтік белгілері өзара ішкі байланыста болады.

Екіншіден, объективтік белгілердің ортақтығы, әрбір әрекет бір объектіге және бірдей зардап келтірумен сипатталады.

Үшіншіден, субъективтік белгілердің ортақтығы, әрбір әрекет кінәнің бір нысанымен жасалып және қылмыстық құқық бұзушылық ниеттің бірдей болуымен сипатталады. Ал керісінше болғанда қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі орын алады.

Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар заңдылық құрылымына байланысты жай және күрделі болып екіге бөлінеді. "Жай" және "күрделі" терминдері ерекше мағынада қолданылады, және қандай да болсын қылмысты жай немесе күрделіге жатқызу келтірілген зардап мөлшеріне, қылмыс жасауға қатысқан адамдардың санына, тиісті қылмыс жасауға дайындық техникасы мен оның жасалуының жай немесе күрделі болуына, оны тергеу немесе сотта қарау кезіндегі қиындықтарға да байланысты болып табылмайды" [4, 245 б.].

Жеке жай құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бір объектіге, бір әрекет арқылы кінәнің бір нысанымен зиян келтіру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабы Адам өлтіру. "1. Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату" [5]. Бұл жерде бір объектіге яғни адамның өміріне, бір әрекет немесе әрекетсіздік арқылы және бір кінә нысанымен яғни қасақаналықпен жәбірленушіге қаза келтіру орын алады.

Күрделі жеке құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар, жай құрам сияқты бір қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын құрайды және Қылмыстық кодекстің бір бабымен сараланады, бірақ жеке жай қылмыстық құқық бұзушылықтармен салыстырғанда, оның объективтік жағы күрделі мазмұнмен сипатталады яғни бұл жерде істелінетін іс-әрекеттің сандық жағы, басқа да қосымша қылмыстық құқық бұзушылық зардаптарының орын алуы сөз болып отыр. Күрделі жеке құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық заңға сәйкес: жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық, созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық, күрделі құрамды

қылмыстық құқық бұзушылық, балама іс-әрекетті қылмыстық құқық бұзушылық және қосымша ауыр зардаптың болуымен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылық деп бірнеше түрлерге бөлінеді. Жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз, ортақ мақсатқа жетуге бағытталған ұқсас (бірдей) қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерден құралған, жиынтығында бір қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын әрекеттерді айтамыз. "Жалғасқан қылмыс дегеніміз, бірнеше бөлікке бөлініп жасалатын бір қылмысты айтамыз" [6, 288 б.]. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тек қана әрекет арқылы жасалып және қасақаналықпен сиптталады. Көрсетілген анықтамаға сәйкес жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың мынандай белгілері бар:

Біріншіден, барлық әрекеттер бір объектіге бағытталуы қажет. Мысалы, тек қана адамның жеке меншігіне. Әр түрлі объектіге бағытталған әрекеттер жеке қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сараланбайды. Екіншіден, ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттердің жиынтығынан құралуы қажет. Мысалы, компьютер жинақтайтын фирмада жұмыс істейтін Н., компьютерді ұрлап, кейін оны сату мақсатымен, компьютердің бөлшектерін бір апта бойына жұмыстан кейін фирмадан ұрлап отырған. Бұл мысалдағы Н-ң әрекеті бір апта ішіндегі әрбір әрекеті бір-біріне ұқсас. Мәселен, бір күні Н., компьютердің мониторын, екінші күні клавиатурасын, үшінші күні басқа бөлшектерін ұрлайды. Бірақ Н-ң мақсаты сол бір компьютерді ұрлау. Осы жерден, жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың үшінші белгісін ажыратуға болады, олардың бір мақсаттылығы және әрбір әрекет бір бүтіннің бөлшегі болып табылады. Егер кінәлі Н., бір аптадан кейін емес, айталық үшінші күні аз сомма мөлшеріндегі бөлшектерді ұрлаған соң, құқық қорғау органдарымен ұсталатын болса, онда оның әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 24-бабы және 188-бабы, ұрлыққа оқталу деп саралануы қажет.

Көрсетілген мысалда жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтарда аяқталған ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттердің жиынтығы мен зардап арасында бір себепті байланыс орын алып отыр.

Жеке күрделі қылмыстық құқық бұзушылықтардың келесі түрі - созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық. Ол белгілі бір уақыт аралығында үзіліссіз жүретін іс-әрекет. "Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық кінәлінің өзіне қылмыстық заң жазамен қорқытып жүктеген міндеттемелерін ұзақ мерзімге орындамай әрекет немесе әрекетсіздік арқылы белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын үзіліссіз, белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыруы болып табылады" [7, 76 б.]. Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтарға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі мынандай құрамдарды жатқызуға болады. Мысалы, бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу (426-бап), қылмыс туралы хабарламау (434-бап), қашқындық (442-бап), әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту (443-бап) және т.б. Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттен немесе әрекетсіздіктен басталып, кінәлінің өзінің сол іс-әрекетті жалғастырудан бас тарту (айыбын өз мойнына алып келу) немесе қылмыстық құқық бұзушылықты әрі қарай жалғастырып жасауға тосқауыл болатын (қылмыскерді ұстау) оқиғалардың орын алуымен аяқталады.

Үшінші түрі, күрделі құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтар. Күрделі құрам деп екі немесе одан да көп іс-әрекеттерден құралатын, оның әрқайсысының бірінен-бірін бөліп қарағанда жай түрдегі құрамға жататын, бірақ ішкі бірлігі бойынша бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын іс-әрекеттердің жиынтығын айтамыз. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192-бабы қарақшылық

құрамын алсақ, мұнда бөтен біреудің мүлкіне иелік ету жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш жұмсау арқылы жүзеге асырылады. Осы жағдайда және әр түрлі қылмыстық әрекеттер яғни жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету және мүлікті иемдену немесе иемденуге оқталу бір күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды, бірақ осы әрекет ішкі бірлігіне байланысты бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын – қарақшылықты құрап тұр.

Жеке күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының төртінші түрі - балама іс-әрекет. Оның ерекшелігі Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігіндегі баптың диспозициясында көрсетілген әрбір әрекет немесе әрекетсіздікті жасау аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамын білдіреді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-бабы, қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасмалдау немесе алып жүру. Кінәлі көрсетілген балама әрекеттердің біреуін немесе екеуін, я болмаса бәрін жасаса да аталған қылмыс құрамы орын алады.

Жеке күрделі құрамның соңғы түрі қосымша ауыр зардаптың болуымен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Ол екі жеке іс-әрекеттен құралғанымен, ішкі өзара байланысының нәтижесінде бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайды. Мысалы, науқасқа көмек көрсетпеу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 320-бабының 1 бөлігі: "Қазақстан Республикасының заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелсіз себептермен оны көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса" делінген. Бұл жерде өз алдына екі жеке іс-әрекет (әрекетсіздік) бар, бірі науқасқа көмек көрсетпеу, екіншісі абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіру. Бірақ, олардың ішкі байланысына яғни әрекетсіздік пен зардаптың және олардың арасындағы себепті байланыс, аталған іс-әрекеттерді бір қылмыс құрамы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Аталған жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығында (материалдық құрамдар), іс-әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасында бір себепті байланыс болады. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардағы себепті байланысты шартты түрде "жеке себепті байланыс" деп атауға болады. (Қылмыстық құқық теориясында дәстүрлі болып кеткен себепті байланыс тек қана материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарында орын алады деген тұжырымнан бөлек зерттеулер жүргізілгені белгілі).

"Заманауи Қазақстанның құқықтық шынайылығына қатаң енгізілген қалпына келтіру әділеттілік идеясы отандық қылмыстық құқықтың көптеген тұжырымдамалық ережелерін, оның ішінде осы саладағы әдістер туралы және қылмыстық құқық нормалардың сипаты туралы мәселені қайта қарауды талап етеді" [8, 55 б.]. Осыған орай, авторлардың пікірінше қылмыстық заңнаманы жетілдіру мақсатында "себепті байланыс" санатын арнайы норма түрінде бекіту қажет. Себепті байланыс дегеніміз, жасалған іс-әрекет пен одан туындаған қоғамға қауіпті зардап арасын объективті түрде жалғасыратын байланыс болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деген санат жоқ. Қылмыстық кодекстегі бекітілген оның нысандары қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Авторлардың пікірі бойынша қолданыстағы қылмыстық заңнамаға қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деген норманы толықтырулар мен өзгертулер түрінде енгізу қажет. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі дегеніміз не? Қылмыстық жауапқа тартудың мерзімі ескірмеген немесе сотталғандықтан арылмаған немесе



сотталғандығы жойылмаған жағдайда бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтарды істеуін қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деп айтамыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі мынандай белгілермен сипатталады:

- бір адам екі немесе одан да көп әрқайсысы жеке-жеке құрам болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі қажет;

- заңға сәйкес қылмыстық жауаптылықтың ескіру мерзімі өтіп кетпеуі тиіс, бұрын шығарылған үкімінің орындалу мерзімі өтіп кетпеуі қажет және кешірім немесе рақымшылық актілерімен адамның бұрын жасалған іс-әрекеттері үшін соттылығы жойылмауы керек;

- қылмыстың санаттарына байланысты қайталанудың орын алуы.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы іс-әрекеттің құрылысына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің үш түрлі нысанын бөліп ажыратады: қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы (12-бап), қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы (13-бап), қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы (14-бап).

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы ҚРҚК-н 12- бабының 1 бөлігіне сәйкес: "Осы Кодекстің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасалуды құрамайды" .

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуының өзіне тән белгілері бар. Олар: бірінші және одан кейінгі қылмыстық құқық бұзушылықтарды істеуде уақыт жөнінен үзіліс болуы қажет; адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталмауы қажет; адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмауы қажет. Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуында себепті байланысты анықтау негізгі шарт болып табылады. Себепті байланыс анықталмайынша, қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірнеше рет жасалған деп тануға болмайды. Кінәлінің істеген (Қылмыстық кодекстің белгілі бір бабында немесе бабының бөлігінде) әрбір аяқталған іс-әрекеті мен одан туындаған зардап арасындағы себепті байланыс міндетті түрде анықталуға жатады. Және ол екі немесе одан да көп болуы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуында орын алатын себепті байланысты кең мағынада "көптік немесе күрделі себепті байланыс" деп атауға болады. Сонымен біздің ойымызша жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мен көптік қылмыстық құқық бұзушылықтарды ажыратудағы тағы бір белгі – сандық себепті байланысты табу. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтарда - жеке (бір) себепті байланыс орын алса, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде - күрделі (екі немесе одан да көп) себепті байланыс орын алады. Көрсетілген себепті байланыстарды дұрыс анықтау қылмыстық жауаптылық мәселесін шешкенде орасан зор қызмет атқарады. ҚРҚК-н 12-бабының 4 және 5 бөлігіне сәйкес: "Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары осы Кодекстің Ерекше

бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады" делінген .

Сонымен қатар, қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы жалпы және арнаулы болып екі түрге бөлінеді.

Бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы қайталануы деп істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесіне қарамастан кез келген басқа бір қылмыстық құқық бұзушылықты қайталап жасаушылықты айтамыз. Жалпы қайталану қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға әсер етпейді, бірақ жаза тағайындалғанда жазаны ауырлататын мән-жай ретінде есепке алынуы мүмкін (ҚРҚК-н 54-бабының 1 бөлігі, 1) тармағы).

Бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы қайталануы дегеніміз, адамның біртектес немесе ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекетті тағы да жасауы болып табылады. Біртектес қылмыстық құқық бұзушылықтар дегеніміз, объективтік және субъективтік белгілері ұқсас, кінә нысанының бір түрі орын алатын, бір немесе бірнеше ұқсас объектіге қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды айтамыз. Мысалы, ұрлық және тонау. Ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз, бір қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына жататын қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталанып істелуі. Мысалы, екі рет адам өлтіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің екінші нысаны – қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-бабының 1 бөлігіне сай: "Осы Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады".

Көрсетілген анықтамаға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының мынандай белгілерін ажыратуға болады:

- кінәлі екі және одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауы қажет;
- кінәлімен жасалатын әрбір қылмыстық құқық бұзушылық, Қылмыстық кодекстің әр түрлі баптарымен саралануға жатады;
- адам өзінің істеген қылмыстық құқық бұзушылықтарының бірде біреуі үшін сотталмауы тиіс;
- кінәлі заңмен белгіленген негіздер бойынша (шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (65-бап); қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату (66-бап); процесстік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (67-бап); татуласуыға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (68-бап) және т.б. қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болуы керек.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында, яғни адамның істеген әр түрлі қылмыстық құқық бұзушылығы мен одан туындаған зардаптың арасындағы көптік себепті байланыс міндетті түрде құқық қорғау органдарымен анықталуға жатады. Себепті байланыс, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы болып табылатын зардап тудырған қоғамға қауіпті әр түрлі іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық негізі болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының екі түрі ажыратылады: идеалды және нақты (реалды) [9, 190 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің соңғы түрі – қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы (ҚРҚК 14-бап). Қылмыстардың қайталануы қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің ішіндегі ең қауіпті түрінің бірі. Өйткені, қасақана ауыр қылмыс істеп, ол үшін сотталып, өзіне ешқандай нәтиже шығармастан, қайтадан қасақана ауыр қылмыс істеу бүкіл қоғам қауымына, мемлекет және әрбір адамның жеке мүддесіне үлкен қауіп төндірітіні сөзсіз. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 14-бабының 1 бөлігіне сәйкес: "Егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады". Көрсетілген анықтамаға сай қылмыстардың қайталануының мынандай белгілері бар.

- кінәлінің екі және одан да көп қылмыстарды әр түрлі уақытта жасауы;
- кінәлінің бұрын ауыр қылмыс жасауы;
- кінәлінің ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталуы;
- кінәлінің сотталғандық атағының болуы шарт.

Қылмыстардың қайталануының құқықтық маңызы ең бастысы жазаны ауырлататын мән-жай есебінде қарастырылады. Қылмыстардың қайталануы соттың мұндай адамдарға қатаңырақ жаза тағайындауына негіз береді және бұрын сотталғандығы бар адамдарға заң бойынша жазаны өтеу түзеу колониясының қатаң режимінде өтеуге тағайындалады.

Қылмыстың қайталануын таныған және оның түрін анықтаған кезде әрбір сотталушылардың бұрынғы соттылықтарына қатысты мән-жайларды мұқият анықтау қажет. Атап айтқанда: сотталушының қылмыс жасаған сәттегі жасын, бұрын сотты болған қылмыстардың санатын, сот үкімі бойынша белгіленген жаза түрін, үкім бойынша тағайындалған жазаның іс жүзінде өтелген-өтелмегенін, үкім бойынша тағайындалған жазаның басқа жазамен ауыстырылған-ауыстырылмағанын және сотталған адам неге байланысты, қашан және қандай негіздер бойынша жазаны өтеуден босатылғанын, бұрынғы соттылығы алынғанын немесе жойылғанын анықтау қажет.

Қылмыстардың қайталануында себепті байланыс орын алу үшін, қасақана ауыр қылмыс жасап бас бостандығынан айыруға сотталған адам, соттылығы жойылмастан жаңа ауыр қылмыс жасауы керек. Сонда әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасында жеке себепті байланыс орын алады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты қылмыстардың қайталануы: жай және қауіпті деп бөлінеді. Кейбір ғалымдар мысалы профессор А.Н.Ағыбаев қылмыстардың қайталануының өзге де түрлерін көрсетеді. Жалпы, арнаулы, күрделі, пенитенциарлық, қауіпті, аса қауіпті.

"Қоғамның, элитаның, қоғамдық сананың, салт-дәстүр және заңнаманың тарихи инерциясына қарамастан қоғам мен мемлекетте тәртіп орнату, шешуші реформаларды жүзеге асырып және оларды нақты іске асыру күшті мемлекетті құру

қажеттілігіне алып келеді" [10, 7 б.]. Ал орнаған күшті мемлекеттегі қылмыстық заң ең алдымен адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғайды. Сондықтан да қылмыстық заңнаманы жетілдіру ең алдымен демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекеттегі аталған құндылықтардың биік тұруына түрткі болады.

Қорыта келгенде, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде себепті байланыс міндетті түрде іс-әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасында анықталуға жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы мен қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында екі және одан да көп себепті байланыс, яғни күрделі (көптік) себепті байланыс орын алса, қылмыстардың қайталануында жеке (бір) себепті байланыс болады. Көптік және жеке себепті байланыстарды дұрыс анықтау қылмыстық жауаптылықтың дұрыс шешілуіне бірден-бір негіз болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нуртаев Р.Т. О совершении действующего уголовного законодательства // Право и государство. - 2017. - № 1-2 (74-75). - С.119-129.
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 276 б.
3. Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). Оқулық. Алматы: Қазақстан Республикасының Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы, 2009. - 456 б.
4. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. Курс лекции - М.: Издательство БЕК, 1996. - 560 с.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ //URL: <http://adilet.zan.kz/rus>. (жүгіну уақыты 12.03.2021).
6. Уголовное право России. Общая часть: Учебник /Отв.ред. д.ю.н. Б.В. Здравомыслов. М.: Юристъ, 1996. - 512 с.
7. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. Алматы: Жеті жарғы, 2015. - 768 б.
8. Биебаева А.А. Поощрительные нормы в уголовном праве Республики Казахстан // Право и государство. - 2014. - №3 (64). - С. 55 - 57.
9. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. - Алматы: Жеті жарғы, 1998 - 288 с.
10. Ударцев С.Ф. Сильное государство: вопросы теории // Право и государство. - 2016. - №2 (71). - С. 6-14

УДК 343.2

**ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ  
ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МАҢЫЗЫ***А.А. Ермуратова, Г.А. Қуаналиева**Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 1-курс магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, e-mail: bananakikimana@gmail.com**Ғылыми жетекші: Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының  
профессоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru*

**Аннотация.** Мақала қылмыстық саясаттың қылмыстық заңнаманы жетілдірудегі маңызына арналған. Авторлар қылмыстық саясаттың жалпы сипаттамасын, олардың түрлерін зерттей келе, заң әдебиеттерінде орын алған ғалымдардың пікірлеріне талдау жасайды. Қылмыстық заңнаманы жетілдіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынады. Атап айтқанда қылмыстық саясат, қылмыстық заңның қағидалары, заңды тұлғалар.

Мақалада мемлекеттің қылмыстық саясатты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы қағидатты ұстанымын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресті одан әрі ізгілендіруге, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың дайындалатын теріс қылықтар мен қылмыстардың профилактикасы, олардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі жұмысты жандандыруға бағытталған нақты шараларды іске асыруға бағытты құрайтыны атап өтіледі. Мақалада мемлекет жүргізетін қылмыстық саясат қазіргі замаңғы жағдайдағы іргелі және қолданбалы заң ғылымының жетістіктерімен тығыз логикалық өзара байланыста болғаны атап өтіледі.

Қылмыстық саясаттың заңнамалық аспектісі қылмыстылықпен тиімді күреске бағытталған, әртүрлі құқық салаларына жататын өзара байланысты заңнамалық актілерді дайындауды білдіреді. Яғни, бұл мағынада қылмыстық саясат қылмыстылықпен күрестің қылмыстық-құқықтық және әлеуметтік алдын алу шараларын анықтаудың мемлекеттік-құқықтық саяси негізі. Қылмыстық саясат қоғам дамуының объективті заңдылықтары мен мемлекетті реформалаудың қағидаларына сүйене отырып, қылмыстылықпен күрестің маңызды міндеттерін, әдістерін және құралдарын айқындайды.

Қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз ету қылмыстық саясатты жүзеге асыру тиімділігін арттыру мақсатына қызмет етуі керек. Яғни, қылмыстық саясатты жүзеге асыру барысында нормативтік құқықтық базаның қаншалықты дәрежеде қоғам дамуының заңдылықтарына, мемлекеттің мүмкіндіктеріне, елдің құқықтық санасының деңгейіне сәйкестігі айқындалады.

**Түйін сөздер:** қылмыстық саясат, қылмыстық заң, қылмыстық құқықтың қағидалары, заңды тұлғалар, қылмыстық құқық бұзушылық.

---

## ЗНАЧЕНИЕ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

**Аннотация.** Статья посвящена значимости уголовной политики в совершенствовании уголовного законодательства. Изучая общие характеристики уголовной политики и их виды, авторы анализируют взгляды ученых в юридической литературе. Предлагает поправки и дополнения к совершенствованию уголовного законодательства. В частности: уголовная политика, принципы уголовного права, юридические лица.

В статье подчеркивается, что в сфере организации и проведения уголовной политики принципиальную позицию государства составляет ориентация на реализацию конкретных мер, направленных на дальнейшую гуманизацию борьбы с уголовными правонарушениями, активизацию работы государственных органов и общественных организаций по профилактике, предупреждению и пресечению готовящихся проступков и преступлений. В статье постулируется факт, что эффективность проводимой государством уголовной политики находится в неразрывной логической взаимосвязи с достижениями фундаментальной и прикладной юридической науки в современных условиях.

Правовой аспект уголовной политики заключается в подготовке взаимосвязанных законодательных актов, затрагивающих различные области права, направленных на эффективную борьбу с преступностью. То есть в этом смысле уголовная политика является государственно-правовой политической основой выявления уголовно-правовых и социально-профилактических мер против преступности. Уголовная политика определяет важнейшие цели, методы и средства борьбы с преступностью, основываясь на принципах развития общества и принципах государственной реформы.

Правовая поддержка уголовной политики должна быть направлена на повышение эффективности уголовной политики. То есть степень, в которой правовые основы реализации уголовной политики соответствуют законам общества, возможностям государства, уровню правосознания страны.

**Ключевые слова:** уголовная политика, уголовный закон, принципы уголовного права, юридические лица, уголовное правонарушения.

## THE IMPORTANCE OF CRIMINAL POLICY IN THE IMPROVEMENT OF CRIMINAL LEGISLATION

**Annotation.** The article is devoted to the importance of criminal policy in the improvement of criminal legislation. Studying the general characteristics of criminal policy and their types, the authors analyze the views of scholars in the legal literature. It proposes amendments and additions to the improvement of criminal law. In particular: criminal policy, principles of criminal law, legal entities.

This article emphasizes that in the field of organization and conducting of the criminal policy of the principled position of the state. This focuses on implementing specific measures aimed at further humanization of combating criminal offenses, revitalization of the state bodies and public organizations for the prevention and suppression of crimes and preparing offenses. In scientific research postulated fact that, the effectiveness of the criminal policy pursued by the government is in close logical relationship with the achievements of fundamental and applied legal science in the modern world.

The legal aspect of criminal policy is the preparation of interrelated legislation affecting various areas of law aimed at effectively combating crime. That is, in this sense, criminal policy is a state-legal political basis for the identification of criminal law and social and preventive measures against crime. Criminal policy defines the most important goals, methods and means of combating crime, based on the principles of the development of society and the principles of state reform.

Legal support of criminal policy should be aimed at improving the effectiveness of criminal policy. That is, the extent to which the legal framework for the implementation of criminal policy corresponds to the laws of society, the capabilities of the state, and the level of legal awareness of the country.

**Keywords:** criminal policy, criminal law, principles of criminal law, legal entities, criminal offense.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығында "Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады" делінген [1]. Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамашылығы бойынша жүзеге асырылатын еліміздегі белсенді құқық шығармашылық қызметінің нәтижесінде мемлекеттің құқық шығармашылық процесіне және құқық қолдану қызметіне қойылатын халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, құқықтың барлық салалары мен институттарында кең ауқымды құқықтық реформалар жүргізілді.

Мемлекеттің қылмыстық саясатты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы қағидатты ұстанымын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресті одан әрі ізгілендіруге, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың дайындалатын теріс қылықтар мен қылмыстардың профилактикасы, олардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі жұмысын жандандыруға бағытталған нақты шараларды іске асыруға бағытын құрайды.

Қазақстан – қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Республикамыз аяққа тұрып келе жатқан жылдары көп нәрсені бастан өткерді, бірақ соған қарамастан қысқа мерзімде Қазақстан Республикасы дүние жүзінде қарқынды дамып келе жатқан мемлекет екенін көрсете білді.

"Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз", - деп [2] Қазақстан Республикасының Конституциясының алғашқы бетінде жазылған, яғни Қазақстан халқының дүние жүзіндегі ең үздік мемлекет құру және ең жоғарғы мақсаттарға ұмтылу ұраны деп түсінуге болады. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Ата Заңымыздың 1-бабында: "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары" деп көрсетілген [2]. Осы бап талаптарын көздей жүргізілген саясат мемлекет басшылығының қылмыстық саясатқа қатысты ұстанып отырған бағытын көрсетеді.

Жалпы саясат - мемлекет тағдырын шешуге қатысты саяси сипаттағы әрекеттердің жиынтығы десек, қылмыстық саясат - мемлекеттің азаматтар мен қоғамды қылмысты қол сұғу мен жалпы қылмыстардан қорғау жөніндегі қызметі. Қылмыстық саясаттың мәні мақсаттар мен міндеттерді, қылмыстылықпен күрес жөніндегі құралдар мен әдістерді әзірлеу болып табылады. Осы себепті де қылмыстық саясат мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеулердің өзектілігі - байыпты көзқарас пен терең зерттеуді қажет етеді.

Біздің мемлекеттегі қылмыстық саясаттың бағыты ізгілендіру тұрғысынан жүргізілуде. Қазақстан Республикасы өз Конституциясына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарын, олардың заңды мүдделерін басқа да игіліктерін жоғары дәрежеде қорғайтын мемлекет болып табылады.

**Қазақстан Республикасындағы қылмыстық саясат мәселесін зерттеу, қазіргі таңдағы қылмыстық саясат арқылы жүргізіліп жатқан қылмыстық заңнаманы ізгілендіру мәселелерін талқылау және қылмыстық заңнаманы жетілдіруге байланысты ұсыныстар жасау.** Аталған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер алға тартылады: қылмыстық саясат мәселесіне байланысты мемлекеттік тұжырымдамаларды талдау; ғалымдардың пікірлерін зерттеп бір арнаға келтіру.

**Ключевые слова:** коррупция, борьба с коррупционными преступлениями, виды коррупционных преступлений, субъекты коррупционных преступлений, культура против коррупций

#### ISSUES OF ANALYSIS OF THE GENERAL CHARACTERISTICS OF CORRUPTION CRIMES

**Annotation.** The article provides a comprehensive analysis of the concept and general characteristics of corruption crimes, in accordance with the current criminal legislation. Corruption is one of the threats that hinder the development of the economy of any state. In order to prevent corruption, a large number of measures are being implemented in our country. The problem of corruption today remains complex. Obviously, being a great social disaster, it causes great concern in all countries of the world, which are not similar to each other in terms of political development.

The article discusses the ongoing reforms and legislative acts in the Republic of Kazakhstan. The analysis of statistical data is carried out. The opinions of scientists are analyzed, and the authors' own point of view is given.

In the modern world, the work to strengthen the fight against corruption is carried out continuously and is constantly being improved. There is no unique set of anti-corruption mechanisms in the world that is optimal for all countries. The specifics of the sets of anti-corruption methods adopted by each country are unique and depend not only on political and economic stability, but also on customs and traditions, religious characteristics and the level of legal culture, as well as on the area of the occupied territory, density, and population.

In the context of the modernization of the economy and large-scale social transformations in Kazakhstan, the need for a holistic anti-corruption strategy, closely linked to the modern socio-economic policy of the state, was increasingly evident.

**Keywords:** corruption, fight against corruption crimes, types of corruption crimes, subjects of corruption crimes, culture against corruption

1 қыркүйек 2020 жылғы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауында: "Сыбайлас жемқорлықпен күрес барынша жүйелі сипат алуда. Жемқорлықтың пайда болу себептеріне көбірек назар аударылып, алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Енді жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізген жөн.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күрес жауапқа тартылудан қорыққан шенеуніктерді дербестік, бастамашылдық және жедел әрекет ету қасиеттерінен айырмауға тиіс...

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тәсілдерін енгізген жөн деп санаймын. 2021 жылдан бас-тап мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың шетел банктерінде есепшотқа ие болуы, қолма-қол ақша және бағалы заттар сақтауына қатысты жемқорлықпен күрес аясында жаңа шектеулер енгізу керек.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, судьялардың, пара берушілердің және парақорлыққа делдал болғандардың сыбайлас жемқорлығы үшін жазаны қатайту тұрғысынан Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізу керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату шарасы қолданылмайды. Жемқорлықпен ұсталғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салатын қағида қатаң сақталуы керек. Біз сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйе қалыптастыруымыз қажет" деп әділ айтып көрсеткен [1].

Қазақстан Республикасы бойынша 2010-2020 жылдар аралығында тіркелген жалпы қылмыстық құқық бұзушылық саны төмендегідей: 2010 жыл - 132183, 2011 жыл - 204212, 2012 жыл - 306898, 2013 жыл - 386710, 2014 жыл - 377330, 2015 жыл - 402821, 2016 жыл - 408775, 2017 жыл - 360429; 2018 жыл - 332299, 2019 жыл - 279041, 2020 жыл - 193678 [2]. Оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық дәрежесінің аса көп өсуі 2013-2016 жылдар аралығына келіп, күрт өзгеріп өсуі байқалып отыр. Бұл көрсеткіштер қылмыстық құқық бұзушылықпен күрес жүргізу шараларын одан ары жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылы тіркелген парақорлық қылмыстары:

2015 жыл пара алу (366-бап) - 573, пара беру (367-бап) - 288, парақорлыққа делдал болу (368-бап) - 78;

2016 жыл пара алу (366-бап) - 762, пара беру (367-бап) - 328, парақорлыққа делдал болу (368-бап) - 57;

2017 жыл пара алу (366-бап) - 933, пара беру (367-бап) - 378, парақорлыққа делдал болу (368-бап) - 99;

2018 жыл пара алу (366-бап) - 925, пара беру (367-бап) - 381, парақорлыққа делдал болу (368-бап) - 98;

2019 жыл пара алу (366-бап) - 808, пара беру (367-бап) - 497, парақорлыққа делдал болу (368-бап) - 57;

2020 жыл пара алу (366-бап) - 688, пара беру (367-бап) - 713, парақорлыққа делдал болу (368-бап) - 50 [2]. Байқап қарасақ, соңғы 2020 жылда ғана парақорлықтың бәсеңсігенін көруге болады. Бұл мәліметтер аталған қылмыстардың түрімен одан әрі күресіп, оның алдын алу қажеттілігін білдіреді.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу шаралары ретінде 2015 жылы 18 қарашада қабылданған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл туралы" №410-V заң бар. Онда: "Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу" болып табылады делінген [3]. Заңда сыбайлас жемқорлықтың жаңа анықтамасы енгізілді, ол мүліктік қана емес, сонымен қатар мүліктік емес игіліктер алу немесе табу, оның ішінде үшінші тұлғаларға қатысты пайда табу деген ұғымды білдіреді. Сонымен қатар, "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі" деп белгіленген [3]. Аталған заңның 5-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл міндеттері төмендегідей:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады. Сонымен қатар, мемлекетімізде Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы" №986 Жарлығы бар. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның мақсаты мен міндеттері; Түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар; Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Қоғамдық бақылау институтын енгізу, Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру және басқа да өзекті мәселелер белгіленген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Стратегия іс біткен соң әрекет етуден сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға, ескертуге, оны жасаудың себептері мен жағдайларын анықтауға және жоюға өтуді көздейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері құжатта маңызды орын алады. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастық шарттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау қажеттілігінен туындаған өте дұрыс қадам.

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторларға:- Біріншіден, олардың нормалары құқық қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасауға көбіне жағдайлар жасайтын салалық заңдардың жетілдірілмеуі болып табылады.

Құқықтанудың қыр-сырын білмейтін азаматтар үшін практикада мұндай заңдардың ережелерін дұрыс түсіну мен тиісінше ұғыну қиынға соғады.- Екіншіден, мемлекеттік және корпоративтік басқару ашықтығының жеткіліксіз болуы. Басқарушы шешімдерді әзірлеу және қабылдау процестері, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер туралы сөз болған жағдайларда әлі де ең жабық процестердің бірі болып қалуда.

- Үшіншіден, лауазымды адамдардың мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кездегі халықпен тікелей байланысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда.

- Төртіншіден, халықтың, оның ішінде мемлекеттік сектор қызметшілерінің өздерінің құқықтық мәдениетінің деңгейі әлі де төмен, бұл арам пиғылды қызметкерлерге оны пайдакүнемдік, құқыққа қарсы мақсаттарда пайдалануға мүмкіндік береді.- Бесіншіден, азаматтар мінез-құлығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделін және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсатты ақпараттық жұмыстың болмауы.

- Алтыншыдан, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының еңбекақысының және мемлекеттік қызметтегі әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіз деңгейі [4].Мемлекеттік қызмет институты да айтарлықтай реформаға ұшырады. 2015 жылдың 23 қарашасында қабылданған "Мемлекеттік қызмет туралы" заңмен меритократия, кәсібилік, есеп берушілік және бақылауда болушылық, қоғамдық пікірді ескеру және ашықтық секілді негізгі принциптерге негізделген мәнсаптық модельге көшу жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде және одан әрі жоғарылату кезінде білімі, еңбек өтілі, сондай-ақ қызметшілердің атқаратын лауазымында лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін қажетті құзыреттіліктердің болуы басты назарға алынады. Мемлекеттік қызмет туралы заңның 52-бабында мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы белгіленген.

1. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге тиіс.2. Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

3. Егер мемлекеттік қызметшіде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықты болғызбау және тоқтату жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға, оның ішінде жоғары тұрған басшыға, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиіс. Мемлекеттік қызметші өзін басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы да аталған адамдар мен органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті.

Мемлекеттік органның басшылығы ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы мәлімдеулері бойынша, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және уәкілетті органдарға өтініштерді жолдау арқылы шаралар қабылдауға міндетті.4. Мемлекеттік органның басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру

жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшінің құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын қудалаудан қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

5. Мемлекеттік қызметшілер жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге тиіс.

6. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасады деп жариялы түрде негізсіз айып тағылған кезде ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс [5]. Мемлекет басшысының меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Әдеп кодексінің қабылдануы ерекше орын алады. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральды-этикалық бейнесіне қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ олардың мінез-құлқының базалық стандарттары айқындалды.

Мемлекет басшысының осы Жарлығымен Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді, оның құзыреттерінің бірі ретінде қызметтік әдеп нормаларын сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет туралы заңнама бұзушылығының алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау айқындалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде ел Президенті қылмысқа қарсы күрес жөніндегі үйлестіруші ретінде айқындаған прокуратура да сүбелі үлес қосып келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоғары қадағалаудың және басқа да лауазымдық қызметтің барлық қосалқы атқарымдардың тұрақты басымдықтарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, қоғамдық резонанс тудырған лауазымдық сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы істер арнайы прокурорлар өндіріске қабылдайтын басым істер ретінде айқындалды.

"Сыбайлас жемқорлық" деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны "параға сатып алу", "пара" ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "corruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда "сындыру, бұлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу" деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Заң энциклопедиясында бұл терминге "лауазымды адамның өзіне сеніп тапсырылған құқықтар мен мүмкіндіктерді бас пайдасына жұмсайтындығын көрсететін саясат немесе мемлекеттік басқару саласындағы қылмыстық әрекет" деп анықтама берілген [6, 56 б].

БҰҰ-ның Анықтамалық құжатында "сыбайлас жемқорлық – өз пайдасы үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану" делінген [7, 45 б]. Дәл осындай анықтаманы Дүниежүзілік банкте береді [8, 123 б].

Қазіргі отандық криминология да сыбайлас жемқорлыққа "мемлекеттік немесе өзгедей қызметкерлердің сатқындығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс" деп анықтама береді [9, 501 б].

Н.Ф.Кузнецова сыбайлас жемқорлықты "мемлекеттік аппараттың және мемлекеттік емес құрылымның қызметкерін сатып алумен сипатталатын қоғамға қауіпті құбылыс" дейді [10, 98 б].

Профессор А.Н.Ағыбаев "қоғамдағы өз орнын қанағат тұтатын адамдарды кездестіру қиын" деп дұрыс айтады [11, 32 б]. Ал, қанағат таппаған адамның ерте ме,

кеш пе заң бұзушылыққа барары сөзсіз. Ондай болмау үшін мемлекеттік қызметкерге өз міндетін адал атқаратындай жағдай тудыру керек.

"Бір нәрсе анық – криминологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенбей, нақты криминологиялық жағдайдың заңдылықтары мен үрдістерін терең зерделемей қылмыстық-құқықтық, іс жүргізу проблемаларын өз деңгейінде шешу мүмкін емес", – дейді профессор Е.О.Алауханов [12, 21 б].

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып "тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ" деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 3-бабының 29 тармағында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізбесі көрсетілген: "сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 215 (екінші бөлігінің 3) тармағында), 216 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 217 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 307 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер" [13].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері арнаулы болып табылады, олардың анықтамасы тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген. Олар:- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекет функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Парламент депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының



мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;- лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты; - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері.Сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы болып табылады. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін таза және адал ұстауы қажет. Сонда ғана қарапайым халықтың сенімі ақталады. Сыбайлас жемқорлық сияқты қоғам дертіне бір білекпен күш жұмылдырып күрес жүргізу барлығымыздың алдымызда тұрған үлкен борыш.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек."Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" // URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> (жүгіну уақыты 12.03.2021).
2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық сатистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің статистикалық есептері // URL: [prokuror.gov.kz](http://prokuror.gov.kz). (жүгіну уақыты 12.03.2021).
- 3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ //URL: <http://adilet.zan.kz/rus>. (жүгіну уақыты 12.03.2021).
4. "Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы //URL: <http://adilet.zan.kz/rus>. (жүгіну уақыты 12.03.2021).

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ //URL: <http://adilet.zan.kz/rus>. (жүгіну уақыты 12.03.2021).

6. Юридическое энциклопедия. 2-изд. - М., 2003. - 556 с.

7. Международная защита прав и свобод человека. - М., 1990. - 345 с.

8. Отчет Всемирного банка о мировом развитии. - М., 1997. - 123 с.

9. Криминология: Учебник. - М., 1997. - 501 с.

10. Криминология // Под ред. Н.Ф.Кузнецова. - М., 1994. - 450 с.

11. Агыбаев А.Н. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с коррупцией. - Алматы: Жеті Жарғы, 2003. - 321 с.

12. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений: Монография. - СПб., 2005. - 221 с.

13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ //URL: <http://adilet.zan.kz/rus>. (жүгіну уақыты 12.03.2021).

УДК 378

## РЕАЛИЗАЦИЯ БОЛОНСКОГО ПРОЦЕССА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРЕИМУЩЕСТВА И НЕДОСТАТКИ

*Төлегенова Ж.С.*

*Магистрант 1 курса Евразийской юридической академии имени Д.А. Кунаева  
Республика Казахстан, г.Алматы*

**Аннотация:** На данный момент в Республике Казахстан национальная образовательная система не соответствует в полной мере стандартам Болонского процесса. Хорошая мотивационная политика, активное внедрение новых технологий и соответствие международным стандартам поможет усовершенствовать национальную образовательную систему. В этой статье рассмотрены преимущества и недостатки имплементации принципов Болонской декларации в систему высшего образования Республики Казахстан. Болонский процесс - средство защиты и улучшения высшего образования и научных исследований в европейском регионе, средство увеличения прозрачности и мобильности. Болонский процесс признает место высшего образования в общественном достоянии, уделяет особое внимание качеству, но утверждает, что поддержание качества его повышение потребует увеличения государственных инвестиций в систему и в ее кадры. Ключевыми позициями в рамках Болонского процесса являются: повышение конкурентоспособности и привлекательности европейского образования; сближение национальных образовательных систем; процесс структурной перестройки высшего образования, предусматривающей реформирование национальных систем высшего образования, введение многоуровневого высшего образования; принятие системы академических кредитов; контроль качества образования; расширение студенческой и преподавательской мобильности; ориентация на результаты обучения.

**Ключевые слова:** Болонский процесс, национальная образовательная система, усовершенствование системы высшего образования, обучение, университет.

## IMPLEMENTATION OF THE BOLOGNA PROCESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ADVANTAGES AND DISADVANTAGES

**Abstract:** At the moment, in the Republic of Kazakhstan, the national educational system does not fully comply with the standards of the Bologna process. A good motivational policy, the active introduction of new technologies and compliance with international standards will help improve the national educational system. This article discusses the advantages and disadvantages of implementing the principles of the Bologna Declaration in the higher education system of the Republic of Kazakhstan. The Bologna Process is a means to protect and improve higher education and research in the European region, and to increase transparency and mobility. The Bologna Process recognizes the place of higher education in the public domain, pays special attention to quality, but argues that maintaining the quality of its improvement will require increased public investment in the system and in its personnel. The key positions within the framework of the Bologna Process are: increasing the competitiveness and attractiveness of European education; convergence of national educational systems; the process of structural adjustment of higher education, which provides for the reform of national higher education systems, the introduction of multi-level higher education; the adoption of a system of academic credits; quality control of education; expansion of student and teacher mobility; focus on learning outcomes.

**Keywords:** *Bologna process, national educational system, improvement of higher education system, education, university*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛОН ПРОЦЕСІН ІСКЕ АСЫРУ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

**Аннотация:** қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ұлттық білім беру жүйесі Болон процесінің стандарттарына толық сәйкес келмейді. Жақсы мотивациялық саясат, жаңа технологияларды белсенді енгізу және халықаралық стандарттарға сәйкестік ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге көмектеседі. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жүйесіне Болон декларациясы принциптерін имплементациялаудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған. Болон процесі - еуропалық аймақтағы жоғары білім мен ғылыми зерттеулерді қорғау және жақсарту құралы, ашықтық пен ұтқырлықты арттыру құралы. Болон процесі жоғары білімнің қоғамдық саладағы орнын таниды, сапаға ерекше назар аударады, бірақ оның сапасын сақтау жүйеге және оның кадрларына мемлекеттік инвестицияларды ұлғайтуды талап етеді. Болон процесі шеңберіндегі негізгі ұстанымдар: еуропалық білімнің бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын арттыру; ұлттық білім беру жүйелерін жақындастыру; ұлттық жоғары білім беру жүйесін реформалауды, көп деңгейлі жоғары білім беруді енгізуді; академиялық кредиттер жүйесін қабылдауды; Білім беру сапасын бақылауды; студенттік және оқытушылық ұтқырлықты кеңейтуді; оқыту нәтижелеріне бағдарлауды көздейтін жоғары білім беруді құрылымдық қайта құру процесі.

**Түйінді сөздер:** Болон процесі, ұлттық білім беру жүйесі, жоғары білім беру жүйесін жетілдіру, оқыту, университет.

Республика Казахстан в 2010 году официально присоединилась к Болонской декларации и стала 47-м членом Европейской зоны высшего образования и является первым центральноазиатским государством, который был признан полноправным членом европейского образовательного пространства.

После присоединения Казахстана к Болонскому процессу, в систему высшего образования республики были внесены следующие изменения:

1.Казахстанские вузы (более 60 университетов) присоединились к Великой Хартии университетов, которую в настоящее время подписали более 600 университетов мира, что означает, что национальная образовательная система должна будет соответствовать европейским стандартам. Вступление в Болонский процесс дает Казахстану: признание казахстанских дипломов в международном пространстве; мобильность студентов в будущем, что предусматривает их переводы в различные европейские вузы. [1] Казахстан станет частью общеевропейского образовательного пространства.

2.Была введена новая модель подготовки специалистов, которая состояла из 3-х уровней: бакалавриат - магистратура - докторантура PhD.

В этой связи отметим, что по данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан в 2017-2018 учебном году контингент вузов нашей страны составил 534 421 обучающихся, из них по программам бакалавриата - 496 209, магистратуры - 34 609 (научно-педагогическое направление - 19 431 чел., профильное - 15 178 чел.), докторантуры PhD - 3 603 человек. [2] Выпуск магистрантов с защитой составляет 92%.

3.После того как Республикой Казахстан была подписана Болонская декларация, началась разработка системы, касающейся повторной сдачи зачётов согласно модели ECTS. В настоящее время существуют правила, разработана система переводных коэффициентов и казахстанская модель повторной сдачи зачётов по типу ECTS (European Credit Transfer System), которую все вузы Казахстана обязались внедрить в существующую систему образования.

В 2015 году Республика приняла на себя обязательства по достижению Целей устойчивого развития Организации объединенных наций до 2030 года, в т.ч. 4-й Цели, которая предполагает обеспечение всеохватного и справедливого качественного образования, и поощрения возможности обучения на протяжении всей жизни для всех. Для ее достижения определены основные направления развития образования в мире: обеспечение предшкольной подготовки, модель 12-летнего школьного образования, развитие у учащихся навыков 21 века, равный доступ к недорогому и высшему образованию. Указанные направления являются приоритетными и для казахстанской системы образования

4.Нововведения коснулись стратегии академической мобильности. Министерство образования и науки Республики Казахстан (МОН РК) разработало программу академической мобильности для студентов и для привлечения зарубежных преподавателей в казахстанские вузы. Благодаря академической мобильности студенты и преподаватели повышают конкурентоспособность на рынке труда в международном масштабе, подсознательно развивают в студентах такие качества, как способность мыслить и рассматривать свою страну в сравнительном аспекте, а также повышает навыки международной коммуникации.

Академическая мобильность от МОН РК предоставляет гранты на обучение 1-2 семестров в ведущих вузах Европы и США на уровне бакалавра. Финансирование производится за счет республиканского бюджета и включает: перелет, проживание (общежитие или квартира), визовые сборы, медицинская страховка.

К примеру, в США оказание образовательных услуг иностранным гражданам является пятой по значению доходной сферой экспорта и сказывается на экономике страны в позитивном аспекте. Сегодня в республике обучается немногим более 10 тысяч иностранных студентов из 45 стран. Основной контингент студентов, как сообщает МОН РК, выходцы из СНГ, Африки, Монголии, Китая и других стран, но не из Европы.

5. Интеграция в единое Европейское исследовательское пространство. С момента подписания Болонской декларации в Казахстане существенно увеличилось количество реализуемых научно-технических программ и проектов вузов. Существенно увеличился объем финансирования вузовской науки: если в 2011 г. оно составляло 1 млрд тенге, то в 2013 г. – 7,3 млрд тенге. Появился принципиально новый тип высшего учебного заведения – исследовательский университет. Возросла публикационная активность ученых в международных рейтинговых журналах с высоким импакт-фактором. По инициативе Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева был создан и успешно функционирует Назарбаев университет, который ставит перед собой задачу стать первым исследовательским университетом Казахстана международного уровня [3]. Высшая школа Казахстана подключилась к работе в контексте единого европейского исследовательского пространства (ERA), цель которой – сближение исследователей и ученых и создание эквивалента «общего рынка» товаров и услуг в сфере исследований и инноваций. Вузы Казахстана принимают активное участие в реализации проектов ЕС, ЮНЕСКО, ПРООН, Британского Совета в Казахстане, Германской службы академических обменов (ДААД), Национального центра школьных и университетских программ Франции (CNOUS) и др. [4]

6. Республика Казахстан приняла решение о подписании меморандума об обучении в течение всей жизни (г. Лиссабон, Португалия, март 2000 г.). Данный документ был предназначен для того, чтобы организовать доступное образование для всех категорий граждан независимо от возраста, квалификации в профессиональном плане и имеющегося образования.

7. Следует отметить, что высшие учебные заведения республики проводят работу по внедрению инновационных методов обучения студентов и технологии дистанционного обучения. Широкое применение различных видов электронных учебников используют вузы: вебинары, видео-лекции при помощи разных интернет платформ, проведение лекции в режиме online, слайды-лекции, тренинги, бинарные лекции, лекции-пресс-конференции, мультимедийные презентации, кейс-методы и т.д. Самостоятельный выбор предметов студентами является одним из позитивных аспектов внедрения Болонского процесса в отечественную образовательную систему.

Необходима реализация следующих задач для усовершенствования национальной образовательной системы:

- совершенствование Национальной рамки квалификаций;
- самосертификация;
- разработка концепции обучения в течение всей жизни;
- автоматическая выдача Приложений к диплому;
- развитие внешней системы обеспечения качества;

- студентоцентрированное обучение;
- развитие инклюзивного образования;
- постоянная модернизация и унификация образовательных программ и методичек;
- тесное сотрудничество образования с индустрией.

Если перейти к проблемам реализации Болонского процесса в национальной образовательной системе, то можно выделить следующее:

*Во-первых*, при введении абсолютно новой модели образования, которая состоит из трёх уровней, предполагается неравенство между теми, у кого есть возможность получить полное высшее образование (степень магистра и докторанта) и теми, у кого такой возможности нет. В наше время образование является дорогостоящим. Это и не даёт возможности многим получить желаемую степень магистра или же докторанта. Мы полагаем, что при неизменности этого положения в системе образования и науки в обозримой перспективе неизбежны дальнейшее ухудшение качества национального человеческого капитала, депрофессионализация кадров и снижение экономического потенциала страны. В этой связи необходимы срочные меры по дальнейшему развитию системы образования и науки в соответствии с лучшими отечественными и мировыми практиками (к примеру, Корейская система образования).

*Во-вторых*, возникает проблема обесценивания диплома бакалавра работодателями, и отдаётся предпочтение полному высшему образованию. Таким образом, полноценность степени бакалавра остаётся под вопросом. Например, в Соединённых Штатах Америки степень бакалавра получают для того, чтобы восполнить некоторые пробелы школьной программы. Магистратура же, в свою очередь, даёт полноценные знания будущим специалистам. Также остается проблема с работой преподавательского состава, который бы мог преподавать на уровне программ магистратуры и докторантуры. Мы считаем, что по этой же причине следует продумать градацию уровней подготовки, которая будет сопровождаться системой, способной минимизировать риски.

Согласно положениям Государственной программы развития образования и науки РК на 2020 - 2025 годы [5], у студентов имеется возможность самостоятельно выбирать дисциплины для изучения в течении учебного процесса. На наш взгляд, это чревато тем, что студенты отдадут предпочтение изучению лёгких дисциплин, и забывают о наиболее необходимых в их будущей профессиональной сфере. Образование не следует рассматривать в качестве «затраты», необходимо определять данное понятие в качестве «инвестиции», что предполагает определенную «ценность» образования, пусть и в узком, бюджетно-экономическом контексте. В системе высшего образования в современных государствах также наблюдается рост проблемных вопросов, которые касаются не только качества образования, но и недоступности обучения в связи с нарастающими ценами, а также приватизация учебных заведений.

По крайней мере доступность высшего образования предусматривается в экономически развитых державах, таких как Канада, США, а также, с недавних пор, в Финляндии и Японии. Во многих других, в частности в странах Европы и Азии, обучаются до 50 % соответствующей возрастной группы. Развивающиеся страны держатся на последних позициях списка, где образование является общедоступным для большинства желающих получать знания.

Также нам бы хотелось отметить вопрос о повышении академической мобильности студентов и преподавателей. Данная программа предусматривает обеспечение академической мобильности студентов и преподавателей необходимыми финансовыми ресурсами, но не все вузы обладают этими ресурсами на данный момент.

Второй проблемой, на наш взгляд, является незапланированная утечка молодых талантливых специалистов за рубеж при помощи данной программы.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что в настоящее время реализация Болонского процесса в полной мере является главной задачей национальной образовательной системы. Но бюрократия, инструкции и рекомендации, связанные с этим переходом, часто берут верх, что и является основной проблемой. В этой связи мы полагаем, что, учитывая то, что высшая образовательная система претерпевает изменения каждый раз, сложно достигнуть нужного идеала. Болонский процесс имеет и свои минусы, они заключаются в коммерциализации образования, низкой эффективности кредитной системы, недоработках и неполной обеспеченности академической мобильности. Как известно, именно по этим причинам известный английский университет Кембридж отказался участвовать в Болонском процессе. Мы также считаем, что для того чтобы быть частью Болонского процесса и следовать всем рекомендациям, необходимо быть подготовленным, а также учитывать достоинства собственной системы образования.

#### Список литературы:

1. Развитие болонского процесса в Казахстане: проблемы и перспективы: [сайт]. URL: <https://articlekz.com/article/20724>
2. Аналитический отчет по реализации принципов Болонского процесса в Республике Казахстан, 2018 год. – Астана: Центр Болонского процесса и академической мобильности МОН РК, 2018. 64 с.
3. Даирова К. Н. Назарбаев университет – новый импульс роста системы высшего образования Казахстана // Высшая школа Казахстана. – #2014. – №1 – С. 9.
4. Образовательные проекты Евросоюза: что они дают казахстанским студентам и вузам: [сайт]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/modernizatsiya-vyss>.
5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988 «Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы» - Эл.ресурс: -[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33927070](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33927070)

ISSN 2308-2976



9 772308 297000

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖУРНАЛЫ**  
**КАЗАХСТАНСКИЙ ЖУРНАЛ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА**  
**KAZAKHSTAN JOURNAL OF INTERNATIONAL LAW**

Научно-теоретический и информационно-практический журнал

**№4**  
**(77)**

Подписано в печать 10.01.2021г. Формат 60x84 <sup>1/8</sup>.  
Печать цифровая. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 11. Тираж 500 экз.  
Заказ № 10-1800.



Адрес типографии:  
г. Алматы, ул. Шарипова 120  
. +7 (707) 214-02-50, +7 (777) 214-02-50  
[almaprintmaster@gmail.com](mailto:almaprintmaster@gmail.com)